




Өзіммен танысу

- Артикуляциялық жаттығу
- Саусақ жаттығуы
- Көз жаттығуы.

Мен ақылды баламын, 
Ақылды дос табамын.

Кел сөйлесейік...

Мақсаты: баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, өзін – өзі тану білуге түсінігін қалыптастыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: алдымен педагог баламен бірге суреттерді көріп, балаға сұрақтар қояды, ал бала жауаптарын көрсетеді.
– Мынау мен. Мынау менің шашым..., мынау қас..., мынау көз..., мынау мұрын..., мынау құлақ..., мынау мойын...,мынау ауыз... т.б

– Суретте Зере не істеп тұр? Зеренің қимылдарын қайтала.

Педагогтің міндеті: балаға тапсырманы орындауға барынша мүмкіндік беріп, қиындық туған жағдайда көмектесуі керек. Баланың әрекетін мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: көрнекілік сурет, жұмыс дәптері.

Менің әлемім

Мақсаты: балаларды өзімен және жан-жағындағы адамдармен таныстыру.

Сөйлем құрап айтуға, адамдардың есімін анық, таза айта білуге дағдыландыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар өзара достық қарым-қатынасты аялауға, бір-біріне қамқор болуға үйренеді.

Ойынның көмегімен суреттегі балаларды сипаттау арқылы баланың қаншалықты өзіндік сөздік қорын, қоршаған ортаны қабылдауын бақылап көреміз.

– Мынау кім?.... Бұл бала.

– Мынау кім?.... Бұл қыз.

Педагогтің сұрақтарына жауап беру арқылы балалардың сөздік қоры дамиды.

Педагогтің міндеті: балаға сұрақ қоя отырып, сөзді анық дұрыс айтуға үйрету, көмектесу. Баланың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: көрнекілік сурет, жұмыс дәптері.



Ертегі әлемі

Дос болу – бір басқа,
Таныс болу – бір басқа.

Сергіту сәті

Бала, бала, балақай,
Қол соғайық, алақай!
Жалқау бала болмайық,
Қолды қысып, ойнайық.

Өзіміз жасаймыз

Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын және саусақтардың қимылдарын дамыту, балан вербалды, вербалсыз сөйлеуін, іс арқылы өзін көрсетуін және логикасын жетілдіру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: сақиналарды үлкеннен кішіге қарай, кішіден үлкенге қарай, жуаннан жіңішкеге қарай, жіңішкеден жуанға қарай топтастырып, құрастырып үйретеді. Мүсіндеу арқылы баланың ойын логикасын, өзіндік сөздік қорын, қоршаған ортаны қабылдауын бақылап көреміз. Түрлі түсті мүсіндеу арқылы баланың шығармашылық әрекеті іске асады.

Педагогтің міндеті: баланың әрекетіне қарай мадақтауы қажет.

Қажетті құралдар: түрлі түсті ермексаз.

Сызықты жалғастырып сыз

Мақсаты: ұсақ қол моторикасын дамыту, зейінін шоғырландыруға баулу.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар суретте сызықтардың пішінін, ерекшеліктерін, вербалды немесе саусақпен бейнелейді.

Қажетті құралдар: көрнекілік, жұмыс дәптері.

Сергіту сәті



Пішіні, көлемі, түсі

Мақсаты: балаларды ойыншықтардың түстерін ажырата алуға дағдыландыру.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар суреттегі ойыншықтарды түстеріне қарай ажыратады. Жасыл түсті ойыншықтарды тауып көрсетеді. Ойынның көмегімен ойыншықтардың суретін вербалды табу арқылы баланың өзіндік психикалық күйін бақылаймыз.

Педагогтің міндеті: баланың әрекетіне сәйкес мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: ойыншықтар немесе көрнекілік сурет, жұмыс дәптері.

Ойнайық, ойлайық

Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өткізу барысы: балалар суреттегі бейнелердің



көлеңкесін табады. «Жануарлардың төлдерін тап» дидактикалық ойыны арқылы жануарларды атау, бір–бірінен ажырата білуге үйренеді.

Педагогтің міндеті: баланың әрекетіне қарай мадақтау қажет.

Қажетті құралдар: дидактикалық ойын.

Күтілетін нәтиже: өзі туралы ұғымын кеңейтеді. Достық қарым-қатынасты ажыратады. Қиялы дамиды. Саусақ моторикасын шынықтырады. Ойлау қабілеті артады.

